



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-napravleniya-preemstvennosti-pri-obuchenii-orfografii-v-nepreryvnom-kurse-russkogo-yazyka>

ӘОЖ 372.881.111.1

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚИТУ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Салимова Анель Маулытбаевна

1 курс магистранты

Навий Лиза Набиевна

п.ғ.қ., профессор

«Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» Кеақ

Көкшетау қаласы, Қазақстан

E-mail: anelya.salimova@gmail.com

Аңдатпа

Бұл мақаланың өзектілігі қазіргі шет тілдерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі коммуникативтік құзіреттілікті дамыту болып табылады. Мақалада профессор-ғалымдардың осы зерттеуге арналған ғылыми еңбектердегі тұжырымы беріледі. Сондай-ақ ұсынылған мақалада ағылшын тілін үйрету барысында ауызша сөйлеу дағдыларын тиімді әдіс-тәсілдермен дамытып оқыту көрсетілген. Мақаланың мақсаты ағылшын пәні мұғалімдеріне немесе зерттеу жұмысын жасап жатқан студенттерге коммуникативтік құзіреттілікті зерттеген ғалымдаржайлы мәлімет беру және сабақта қолданылатын тиімді әдістер туралы ақпарат беру.

Түйінді сөздер: коммуникативтік құзіреттілік, ағылшын тілі, диалогтік оқыту, рөлдік ойын, пікірталас, оқуға үйрету.

Аннотация

Актуальность данной статьи одной из актуальных проблем современной методики преподавания иностранных языков является развитие коммуникативной компетенции. В статье дается заключение ученых-профессоров в научных трудах, посвященных этому исследованию. Также в представленной статье показано развитие навыков устной речи в процессе обучения английскому языку эффективными методами. Цель статьи предоставить учителям английского языка или студентам, выполняющим исследовательскую работу, информацию об ученых, изучавших коммуникативные компетенции, и информацию об эффективных методах, используемых на уроке.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, английский язык, диалогическое обучение, ролевая игра, дискуссия, обучение чтению.

Abstract

The topicality of this article one of the actual problems of modern methods of teaching foreign languages is the development of communicative competence. The article gives the conclusion of scientists-professors in scientific papers devoted to this study. The article also shows the development of oral speech skills in the process of teaching English by effective methods. The purpose of the article is to provide English teachers or students doing research work with information about scientists who have studied communicative competencies and information about effective methods used in the lesson

Key words: communicative competence, English, dialogic learning, role-playing, discussion, learning to read.

Коммуникатив бұл –тілдік қатынас, ақпарат алмасу болып табылады. Ал, «құзіреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында американдық ғалым лингвист Н. Хомский енгізген болатын, бастапқыда ол шетел тілінде нақты белгілі бір тілдік қызметті орындау үшін қажетті қабілеттіктер деген түсінік берді және оны адамның іскерліктері мен тәжірибесімен байланыстырды. Нақтылап айтатын болсақ, Н.Хомский 1965 ж. Массачусетс университетінде «компетенция» ұғымын тіл теориясына қатысты қолданды [1, б. 65].

Көптеген отандық және шетелдік ғалымдар шет тіліндегі коммуникативті құзіреттіліктің мәнін, құрылымын, қалыптасу шарттарын анықтай отырып, осы тақырып бойынша теориялық және практикалық мәселелерді әзірлеумен айналысты (М.З.Биболетова, И.Л.Бим, И.Д.Галскова, Н.И.Гез, А.А.Миролюбов, Е.И.Пассов, В.В.Сафонова, Е.Н.Соловова, П.В.Сысоев, И.И.Халева, А.Н.Шамов, А.В.Щепилова). Сонымен қатар коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру процестерін түсіну үшін психологтар Г.М.Андреева, Л.И.Анцыферова, Л.С.Выготский, П.И.Зинченко, И.А.Зимней, А.Н.Леонтьев, Е.В.Мосейко, И.Е.Нелисов және С.Л.Рубинштейннің сөйлеу теориясы бойынша зерттеулері үлкен маңызға ие. Ал оқытудағы коммуникативтік тәсіл саласындағы зерттеулерді А.А.Бодалев, В.Я.Ляудис, А.К.Маркова, Р.П.Милруд, Е.И.Пассов, А.В.Петровский жүргізді.

И.Л.Бим, Л.Ш.Гегечкори, Г.А.Китайгородская, Б.А.Ляпидус, Г.Лозанов, В.И.Пассов, Д.А.Узнадзе сияқты зерттеушілердің жұмыстары шет тілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруға арналған [2, б. 30].

Отандық педагогикада коммуникативтік құзыреттілік ұғымы мен құзыреттілік тұғыры мәселелерінің мәнін зерделеуге бірнеше ғалымдардың еңбектері де арналды. Атап айтатын болсақ, В.А.Ким, А.Т.Чакликова, Г.М.Касымова, Б.А.Жетписбаева, Г.О.Рахимбекова, Л.В.Волкова, Л.К.Қарабаева, М.М.Биназарова, Б.Б.Кенджаева, М.М. Акешованың еңбектері аталған ұғымға әр түрлі аспектілердің түрлі қырынан қарастыруға өз үлестерін қосты. Коммуникативті құзыреттіліктің құрамдас бөлігі туралы әртүрлі пікірлерде бар. Л.Бахман коммуникативтік құзыреттіліктің құрамына дискурсивті, тілдік, сөйлеу, прагматикалық, ауызекі, стратегиялық және социолингвистикалық сияқты жеті кіші құзыретті енгізді.

Сонымен сабақ барысында коммуникативтік құзыреттілікті арттыру және дамыту үшін белсенді оқыту әдістерін қолдану болып табылады. Мұндай әдістерге семинар, пікірталас, диалог, диспуттар, дөңгелек үстелдер, ойындар, іскерлік және рөлдік ойындар жатады.

Шетелдік ғалымдардың зерттеу нәтижесінде күнделікті сабақта қолданылатын «диалогтік оқыту» модулінің маңызы зор табыстарға жеткізетінін дәлелдеген. Мысалы, Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне де үлес қосатындығын атап көрсетеді [3, б. 304].

Диалогтік оқыту кезінде Мерсер мен Литлтонның пайымдауынша, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, оның білім деңгейінің өсуіне әсер етеді, берілген тақырыпты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мақсатында оқуға үйретуде келесі тапсырмаларды қолдануға болады:

- оқушыларға мәтіннің тақырыбы немесе бірінші сөйлемі бойынша мәтіннің не туралы болатынын болжауды, өз пікірлерімен алмасуды ұсыну;
- мәтінді оқымас бұрын оқушыларды мәтіннің тақырыбы мен мазмұнына қатысты бірқатар мәселелерді талқылауға шақыру;
- параллель оқу дегеніміз – оқушылар бір мәселе (тақырып) бойынша әртүрлі мәтіндерді оқып, содан кейін алынған ақпаратпен алмасып, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап, мәліметтерді толықтыратын әдіс;
- бірлесіп оқу дегеніміз – әр түрлі оқушылардың бір мәтінді оқуы, олардың әрқайсысының осы мәтінге қатысты өзіндік тапсырмасы бар. Нәтижесінде оқушылардың әрқайсысы өздерінің бастапқы ақпаратын жеткізеді және олар бірге бір мәтіннен әртүрлі ақпаратты алудың толық көрінісін береді;
- мәтін бойынша бірнеше мәлімдемелерді жұпта талқылау және мәтіннің мазмұнына қайшы келетін мәлімдемені анықтау;
- кейіпкердің аты мен оның сипаттамасын – мәтінде көрсетілген сипаттаманы байланыстыру;
- мәтіннен сөйлемдерді хронологиялық ретпен орналастыру;
- мәтін мазмұнын бірнеше бөлікке бөліп, оқушылардан бөліктерді дұрыс ретке келтіруді сұрау;
- мәтінді оқығаннан кейін оқушыларға мәтіндегі негізгі мәселелерді ұсыну;
- оқушылардан оқиғаны сахналауды сұрау;
- оқушылардан мәтіннің соңын ойлап табуды сұрау, содан кейін түпнұсқамен салыстыру.

Сөйлеу әрекетінің осы түрін оқытудағы коммуникативтілік әр түрлі оқу түрлерін, сөйлеу мәнерінің әртүрлі түрлерін және сөйлеуді іс-әрекеттің бір түрі ретінде оқуды ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін қолдану арқылы қол жеткізіледі.

Выготскийдің оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сондықтан, оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік көмек көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Оқушылардың көбірек білетін басқа адамдармен, бұл рөлдерде сыныптастары мен мұғалімдер болуы мүмкін, диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, оқыту жеңіл болмақ.

Ойын – ойлау қабілетін жақсарту мен сабақты қызықты өткізу мақсатында қолданылатын оқытушының құралы. Ойын – оқыту мен тәрбиелеуде дәстүрлі әдіс екендігі мәлім [4, б. 3]. Ойын көмегімен оқушылардың таным процестерінің барлығы да іске қосылады: байқау, есте сақтау, ойлау және шығармашылық қабілеттері дамиды. Ойын технологиясын қолдану – әр қашан жақсы нәтижелер береді, пәнге деген қызығушылықты арттырады. Сабақтың мақсаты мен міндетіне қарай сол сабақты пысықтауда, оқушылардың сөйлеу әрекетін іске қосуда әр түрлі ойындар қолданылады. Сондай-ақ шетел тілі сабағында ойындарды қолдану, тіл үйренушілерге тек қана ауызша сөйлеу қабілетін жақсартып қоймай, адамдарға шығармашыл тұлға болып қалыптасуға, кез келген істі шығармашылықпен орындау, яғни оны сапалы, жоғары дәрежеде орындауға септігін тигізеді. Ойын – ол өзін – өзі

бақылау, өзін – өзі басқару, өзін – өзі қалыптастыру ортасы. Ойын әр қашан кез келген жағдайда шешім қабылдауға – қалай мәселеден шығу, не айту, қалай жеңу жолдарын үйретеді.

Ағылшын тілі сабақтарында рөлдік ойындарды жиі қолдану тәжірибелік міндеттермен қоса білімділік және тәрбиелік міндеттерді де шешуге ықпал етеді. Оқушылар өздерін еркін ұстап кез келген тапсырмаларды орындауда белсенділік танытады. Тіпті нашар оқитын, өз– өзіне сенімділігі төмен балалардың да белсенділігі, өзіне деген сенімділігі артады. Оқушылар тіл тасушылармен қарым– қатынас жасауға қорықпай, тіпті бастамашылдық пен белсенділік танытады.

Жоба–бұл практикалық білімнің белгілі бір саласын, белгілі бір қызметті игеру әдістері мен операцияларының жиынтығы. Жобалап оқыту технологиясы – жаңа оқыту технологиялардың бірі. Жобалап оқыту технологиясының теориялық алғаш негіздеген Ресей ғалымдарынан В.П.Беспалько, В.В.Давыдов, В.К.Дьяченко, Л.В.Занков, П.Я.Гальперин, Н.В. Кузьмина т.б. ғалымдардың теориялық зерттеулерінің нәтижесінде, сонымен қоса Е.Н.Ильина, С.Н.Лысенкова, В.Ф.Шаталов т.с.с. әдіскерлер–дің практикалық тәжірибелерінің негізінде қарастырылған. «жобалау әдісі – студент пен оқытушының бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерін айтуға болады [5, б. 43]. Оны қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін өзі көрсете білуге бейімдеу.

Пікірталас сабағы оқылған мәтін, мақала, кітап бойынша жұмыстың соңғы кезеңі немесе кез – келген моральдық ойынды талқылау ретінде өткізілуі мүмкін. Бұл кезең тыңдау және сөйлеу дағдыларының қалыптасуының жоғары деңгейін, сондай–ақ мәлімдеменің лексикалық және грамматикалық дизайнын қамтиды [6, б. 36]. Мұндай сабақ белгілі бір дәрежеде коммуникативті құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Сабақ «дөңгелек үстелде» пікірталас түрінде немесе «келісіңіз», «растаңыз», «жоққа шығарыңыз» тапсырмалары бар рөлдік карталарды ішінара қолдана отырып ұйымдастырылуы мүмкін.

Сабақта ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттердің мәдениеті мен өз елінің мәдениетін қатар қарастыру оқушылардың әлеуметті мәдениеттілік құзіреттілігін дамытуға ықпал етеді. Мысалы: 8–9 сыныптарда оқушылар Ұлыбритания мен Қазақстанның мерекелері жайлы өтеді. Осы тақырыптарды өту барысында ағылшын тілінде мерекелерге байланысты бейне фильмдер көрсетіп, оларды талдау, біздің мемлекетімізде тойланатын меркелермен салыстыру [7, б. 95]. Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың бойында коммуникативті құзіреттілікті қалыптастырып, дамыту үшін тақырыпқа байланысты диалог, қойылымдар әзірлеу, рөлдік ойындар ойнау т.с.с. тапсырмаларды орындатуға болады.

Рэгг және Браун оқушылардың жауаптары мен түсініктемелеріне қарай әрекет етудің түрлерін атап кеткен, бұл мұғалім үшін маңызды мәселелердің бірі. Жауап беру кезінде оқушының кідірісіне дұрыс әрекет жасау, одан шығу мәселесі қарастырылған [8, б. 56]. Мысалы: мәтін бойынша тапсырма берсек, оқушы түсінбедім деген сұрақ қойса, біз оған түсіндіруге уақыт жібереміз, ал бір партадағы екі оқушыға тапсырсақ олар ақылдасып, бір–бірімен кеңесіп жетеді .

Сондай–ақ коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру бойынша жұмысты келесідей ұйымдастыруға болады: – бастапқы қабылдау үшін сөйлеу формулаларын ұсыну (олардың мағынасы түсіндіріледі, айтылуы, интонациясы пысықталады);– диалог–модельдерде сөйлесу формулаларының деректерін пайдалану және визуалды қолдау көрсету.

Жалпы шет тілінде коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру оқушыларға нақты жағдайларда ауызекі тілдегі формулаларды өз бетінше қолдана алуларына көмектеседі. Ал оқушылардың кез келген тығырықтан шығуы лексика, грамматика, стилистика мәтінінің тілдік материалын білумен және сөздерді сөйлеу іс–әрекетінде қолдану қабілетімен байланысты. Коммуникативті құзыреттілікті қалыптас–тырудағы маңызды рөл жағдаятты пайдалануға бағытталған; тіл тек студенттің білімі ретінде ғана емес, сонымен бірге тиісті жағдаяттан шығатын жолды қолдануды үйренуі керек дағды ретінде де қарастырылады.

Осылайша, шет тілін оқытудың көрсетілген әдістердің негізгі идеясы–жаттығулардың кез–келген түрінен оқушылардың белсенді ойлау қызметіне баса назар аудару, оны жобалау үшін белгілі бір тілдік құралдарды меңгеруді талап етеді, бұл қорытындылай келгенде коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Chomsky N. Language and thinking. М.: MSU publishing house, 1972. 122 p.
2. Ысқақова Ж.Т. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, 2014–150 б.
3. Мырзағалиева С.С, Республикалық ұстаздарға арналған басылым №2: «Диалогтік оқытудың тиімділігі». Алматы: 2014. 330 б.
4. А.С.Ибраева, Шетел тілінде ауызша сөйлеуге үйретудегі технологиялар. Алматы: 2015. 20 б.
5. Абдиева Ш.Д. Жобалау әдісін қолдану арқылы студенттердің тіл үйренуге деген белсенділігі мен қызығушылығын арттыру // Қазақ тілі мен әдебиеті. №3, 2010, 39–43 б.

6. Ф.Б.Бөрібекова Н.Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. Алматы: 2014. 360 б.
7. «Жалпыұлттық құндылықтар негізінде білім беру және тәрбиелеу»: Республикалық педагогикалық құрылтай материалдары: 2. Б. Қарағанды:2022. 446 б.
8. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік–педагогикалық журнал. Алматы: 2017. 215 б.

ӘОЖ 371.3:811.111

СЮЖЕТТІК–РӨЛДІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТ ТІЛІНДЕ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Серікова Гүлназ Серікқызы
Астана халықаралық университетінің
«Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының магистранты
Астана қаласы, Қазақстан
E-mail: serikova.gulnzzz@gmail.com

Аннотация

Мақалада жоғары сынып оқушыларының шет тілінде коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы мен шет тілін меңгеруде сюжеттік–рөлдік ойындарды қолдану жолдары қарастырылған. Ойын элементтерін қолданудың талаптары мен шарттары, тиімділігі атап көрсетілген. Оқушының шет тілінде еркін қарым–қатынас жасауына бағытталған тапсырмалар ұсынылған.

Түйінді сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, сюжеттік–рөлдік ойындар, сөйлеу қызметінің түрлері

Аннотация

В статье рассмотрены важность формирования коммуникативных навыков у старшеклассников на иностранном языке и способы использования сюжетно–ролевых игр при овладении иностранным языком. Подчеркнуты требования и условия, эффективность использования игровых элементов. Представлены задания, направленные на свободное общение учащегося на иностранном языке.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, сюжетно–ролевые роли, виды речевой деятельности.

Annotation

The article discusses the importance of the formation of communication skills in high school students in a foreign language and the ways of using plot–role–playing games when mastering a foreign language. The requirements and conditions, the effectiveness of the use of game elements are emphasized. The tasks aimed at the free communication of the student in a foreign language are presented.

Key words: communicative competence, role–playing roles, types of speech activity.

Жоғары сынып оқушыларының өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым–қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілік негізінен шет тілін оқыту үрдісінде қалыптасады. «Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» – қол жеткізу, сәйкес келу сөзінен шыққан) – оқушылар және қоғам үшін күнде–лікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Ғалым Ф.Ш.Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым–қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым–қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді. [1, б. 56]

Коммуникативті оқытуда білім беру – оқушының өзін ауызша (тыңдап түсіну, сөйлеу) және коммуникацияға (оқу және жазбаша) тарту, яғни, оқылып жатқан тілде бүкіл курс бойынша қарым–қатынасын қалыптастыру

Жалпы білім беретін мектептің бағдарламасында «Шетел тілі» (Ағылшын тілі) оқу пәнінің жалпы мақсаттары ретінде

Коммуникативті – мәдениаралық құзыреттілік пен оны құрайтын қосымша құзыреттіліктерді қалыптастыру:

Шетел тілі сабағында сөйлеу қызметінің барлық түрлері (айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым / жазбаша сөйлеу) және коммуникативтік құзыреттілікті құрайтындар (сөйлеу, тілдік, әлеуметтік–мәдени, компенсаторлық, оқу–танымдық) болуы тиіс екендігі айтылған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. [1]

Бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға мүмкіндік береді. Бағдарлама талаптарына сай жеке тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін дамы-